


Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады



Иса Он екі Көмекшісін таңдайды



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Byron Unger, Lazarus
Alastair Paterson

Бейімдеген: E. Frischbutter, Sarah S.

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тыйм салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

Иса керемет істерді жүзеге асырды. Ол ауруларды
сауықтырды, абыржыған адамдардың жүректері
мен ой-саналарына тыныштық берді және Құдай
Сөзін үйретті.



Исаға адамдар тобырымен көмек алып, сауығу үшін келді. Ол Өзінің көптеген ізбасарларының арасынан Өзінің Құдайға арнаған қызметіне көмектесу үшін он екі адамды тандап алуды ұйғарды.



3

Егер сізге маңызды таңдау жасау керек болса, сіз Құдайға сиынасыз ба? Иса осылай етті. Таудағы тыныш орында Ол Өзінің Көктегі Әкесімен тілдесті. Иса күн шыққанша мінәжат етті.




4

Иса түні бойы ұзақ сиынды.




5

Таң атқан кезде Иса Өзінің ізбасарларын –Өзіне қызмет етіп бағынған барлық достарын шақырды.



6

Иса таңдаған алғашқы екеу ағайынды Шимон Петір мен Әндір болды. Олар Иса өздерін соңынан еруге алғаш шақырған кезде, өздерінің балық аулау кәсібін тастады.



7

Зебейдің ұлдары Жақып пен Жохан да өздерінің балық аулайтын ауларын тастады.



8

Иса, сондай-ақ, Філіпті, Барталмайды, Матайды, Томаны, ұлтшыл Шимонды, Әлпейұлы Жақыпты, Яхуданы, Жақыптың інісі Яхуданы, кейінірек Өзінің жауына айналған Яхуда Исқариотты таңдап алды.




9

Иса Өзінің айтқандарын орындау үйді берік іргетасқа салғанға ұқсайтынын айтты. Алай-дүлей соққан дауылдың өзі сол үйді талқандай алмайды.



10

Бірақ Исаның Сөзіне бағынбау үйді құм үстіне салғанға ұқсайды. Дауыл соғып кетсе, ондай үй қирап қалады.



11

Исаның кейбір өсиеттері оңай емес еді. Егер сені бір адам оң жақ бетіңнен ұрса, оған сол жағыңды да тос, – деп үйретті Ол. —Жауларыңды жақсы көріңдер. Адамдар Иса сияқты өмір сүру үшін Құдайдың көмегіне мұқтаж.




12

Сондай-ақ Иса адамдарға құпия сиынуды айтты: кейбір діни жетекшілер сияқты адамдар алдында мінәжат еткеніне мақтанбау.



13

Иса Құдайдың Өзінені артқан адамдарды тамақтандырып киіндіретінін айтты. Құдай құстарға жем, гүлдер мен өсімдіктерге әдемі түс беретіндіктен, Оның халқы Оған барлық мұқтаждықтарыңда сенім арта алады.



14

Сол күні Иса Өзінің жаңа таңдап алған көмекшілерін көп нәрсеге үйретті. Ол аяқтаған кезде, Исаның сауықтыруын жалбарына өтініп бір алапес адам келді.



15

Иса алапеске: «Мен осыны істеймін. Таза бол!» – деді. Көмекшілер қарап тұрғанда, алапес сауықты. Ол сауықтырылды! Тек Құдайдың Ұлы ғана осылай ете алатын. Көмекшілері өздерінің ғажайып Иелері бар екенін білді.



16

Иса Он екі Көмекшісін таңдайды

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Матай 4-7, Марка 1, Луқа 6

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забур 119:130

17



39

60

18

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге не болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

19